

**С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**



**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА**

Сөз, сөйлеу қызметі

Орындаған: Рахметулла Мақсат

Факультеті: жалпы медицина

Тобы: 12-01

Қабылдаған: Артықбаева. У

Жоспар:

- ***I. Кіріспе.***

- ***II. Негізгі бөлім.***

- ***1) Екінші сигналдық жүйе.***

- ***2) Сөйлеу талдағыштарының орталықтары.***

- ***3) Тілдің қызметтері.***

- ***4) Тілдің түрлері.***

- ***5) Екінші сигналдық жүйе бұзылыстары.***

- ***III. Қорытынды.***

- *И. П. Павловтың айтуынша, екінші сигналдық жүйенің іс-әрекеті мидың маңдай аймағы мен сөйлеу, есту, көру талдағыштарынан тұрады. Олардың негізгі қызметі ауызша, жазбаша сөздерді түйсініп, жаңа сөйлемдер құрауға, айтуға жағдай жасайды. Солай, миға жететін сигналды қадағалап, сыртқы әлемнің тітіркендіргіштерін қалай сезіп, түйсінуге болатынын анықтайды.*

- *Кейін сөз арқылы нақтылы нәрселерді түйсініп, олардың қасиетін ажыратып, белгілі санаттарға жатқызып ұғынуға болады. Осылай танымның бірінші кезеңі екінші кезеңге, қарапайым сезуден күрделі ой үрдісіне алмасады.*

- *Ағзаның барлық талдағыштарымен қабылданатын тітіркендіргіштер бірінші сигналдық белгіге жатады. Ол жануарлар мен адамдарға ортақ. Адамдарда жануарлардан ерекшелігі – өмірінің алғаш жылдарында қосымша екінші сигналдық белгінің дамуы. Ол сигнал айтылатын, естілетін, оқылатын – сөз.*

Екінші сигналдық жүйенің іс-әрекеті мидың маңдай бөлігі мен сөзді айту, есту және жазуды көру талдағыштары арқылы орындалады, яғни сөйлеу талдағыштарының орталықтарымен орындалады.

н	к	и	к	о	т	л	н	н	й	а	б	е	
и	и	х	й	к	д	н	т	а	и	т	р	р	
ч	п	р	и	о	р	а	и	к	ь	у	ь	и	я
э	о	а	д	т	э	е	е	д	к	с	б	т	я
ф	к	з	л	е	н	в	а	е	о	и	з	о	у
е	п	о	е	л	а	с	б	л	п	с	и	р	т
д	и	д	р	у	п	я	р	и	о	й	х	п	ы
к	м	ь	я	м	е	к	й	п	и	д	и	с	ч
у	л	е	н	а	д	и	н	й	г	о	н	т	с
я	а	з	й	т	е	в	д	и	и	л	ю	е	и
ь	м	н	а	ш	д	а	к	с	н	о	и	ц	н
т	а	а	т	м	а	у	х	я	л	д	й	о	г
с	о	н	р	о	р	м	г	о	а	о	р	а	й
т	й	н	т	е	л	а	р	и	г	т	с	и	ь

The background consists of a dense field of small, white rectangular cards scattered across a light-colored surface. Each card contains a single word in a black, sans-serif font. The words are oriented in various directions, creating a chaotic and textured visual effect. Some legible words include 'waste', 'absurd', 'free', 'give', 'hard', 'us', 'paint', 'sculpture', 'chisel', 'a', 'am', 'observed', 'it', 'here', 'art', 'd', 'dr', 'wri', 'how', 'you', 'was', 'best', 'impression', 'balance', 'say', 'subject', 'fiery', 'thru', 'can', 'at', 'green', 'wh', 'live', 'experiment', 'k', 'see', 'metaphor', 'my', 'color', 'ab', 'nse', 'with', 'jump', 'water', 'rhythm', 'and', 'the', 'face', 'scream', 'investigate', 'almost', 'no', 'scale', 'soft', 'ymb', 'ate', 'in', 'she', 'must', 'glass', 'wh', 'more', 'like', 'weld', 'dust', 'her', 'from', 'purple', 'in', 'sculpt', 'would', 'or', 'sculpt'.

***Сөйлеу талдағыштарының
орталығы***


***Тілдің қозғаушы
орталығы***

***Тілдің оптикалық
орталығы***

***Тілдің
акустикалық
орталығы***

Тілдің қозғаушы орталығы

■ *Сөзді ауызша
айтуды
қамтамасыз етіп,
мидың төменгі
фронтальды
қатпарында
орналасқан. Оны
Брока орталығы
деп те атайды.*



Тілдің акустикалық орталығы


*Мидың самай аймағында
орналасқан, ол сөзді ұғынып,
түсінуді қамтамасыз етеді.*



Тілдің оптикалық орталығы

- *Мидың бұрыштық қатпарында орналасқан, сөзді оқу, тану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.*





- Тіл сөз арқылы ақпарат қабылдау, өңдеу және жеткізу түрінде сипатталады.
 - Сөз – бейнелеудің екінші сигналдық белгісі.



Тіл

Байланыстырушы қызметі

Реттеуші қызметі

Ұғындырушы қызметі

айтылу

ұғыну

Байланыстырушы қызметі

- ◎ *Арнайы қатынас құралы, айтушы мен тыңдаушы арасындағы саналы іс-әрекет. Ол өзара тығыз байланысты айтылу және ұғыну немесе экспрессивтік және импрессивтік түрден тұрады.*

Ұғындырушы қызметі

- *Ойлаудың, түсінудің құралы. Қабылданған информацияны талдап, қорыту және тұжырым жасау.*

Реттеуші қызметі

- *Сөз сигналы ішкі ағзалар қызметін, организмдегі зат алмасу қарқынын өзгертеді. Мұны К. М. Быковтың ми қыртысы-ағзалық теориясы дәлелдейді.*

- *Сөздің тітіркендіргіштері адамның қимыл-әрекетін, сезімдік жүйелерін, вегетативтік жүйкесін, мидың қызметін өзгертіп, адамның психикасы мен көңіл-күйіне айтарлықтай әсер етеді.*

Тілдің түрлері

```
graph TD; A[Тілдің түрлері] --> B[акустикалық]; A --> C[кинестезиялық]; A --> D[оптикалық]
```

акустикалық

кинестезиялық

оптикалық

- **акустикалық** – сөз түйдектерін жіктеп немесе құрап анық түйсінуге көмектеседі, яғни байланыстырушы қызмет атқарады.
- **кинестезиялық түрі** – дыбыс шығарушы артикуляциялық мүшелердің қимыл-әрекеті арқылы жүзеге асады. Дыбыс шығармай тек ойлаудың өзі олардың бұлшықеттерінің сергуін күшейтеді.
- **оптикалық түрі** – сөздің символдың мәнін қамтамасыз етеді. Ми қыртысының шүйде аймағы бұзылса, әріптерді тану, ажырату қиындайды.

Сөздің физиологиялық негізі.

- *Сөздік сигналды түйсіну → танып білу → хабардың мазмұны түйсіну және сөзді айту.*
- *Мидың сол жақ жарты шары екінші сигналдық жүйе негізінде өңделген ақпаратпен байланысты логикалық ойлауға жауапты. Мидың оң жақ жарты шары бірінші сигналдың деңгейінде ақпаратты қабылдап және өңдеуге жауапты.*

Екінші сигналдық жүйе бұзылыстарының жиі кездесетіні:

- *Агнозия (грек сөзі *gnosis* – білу, тану) – танудың бұзылуы. Көру агнозиясы мидың шүйде бөлімдері зақымданғанда пайда болады. Ол кезде адам заттарды көреді, оған соғылмай өтеді, бірақ танымайды. Есту агнозиясы мидың самай бөлімі зақымданғанда болады. Адам дауысты естиді, бірақ сол дауыс қайдан шыққанын ажырата алмайды және ненің дауысы екенін айыра алмайды. Осының негізінде сөзді дұрыс естіп тануы да бұзылады.*

- *Афазия – сөздің бұзылуы. Оның бірнеше түрін ажыратады. Қозғаушылық түрінде сөйлеу бұзылыстары болмауы мүмкін, ал сөйлеудің өзі қиындап кетуі мүмкін. Ол кезде адам тек айқайлап немесе бөлек дыбыстар ғана шығарады.*
- *Афазиямен бірге әдетте жазудың бұзылуы – аграфия және дұрыс оқи алмау туындайды.*

- *Афазияның қараңғы формасы – амнезия. Сөзді ұмытып қалу. Ол көбінесе зат есімдерге байланысты. Адам көбіне ол не екенін біледі, бірақ керекті сөзді есіне түсіре алмайды.*

Қорытынды:

- *Адам екінші сигналдық жүйесіз дами алмас еді, ғылым да, цивилизация да, қазірге дейінгі жеткен жетістіктері де болмас еді. Бұның бәріне адам сөз бен еңбек арқасында жетті. Адамды жануарлардан ерекшелейтін де осы – екінші сигналдық жүйе. Сөйлеу – адамдардың қатынас құралы ретінде қалыптасты. Тіл сөз арқылы ақпарат қабылдау, өңдеу және жеткізу түрінде сипатталады.*

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1. -Қалыпты физиология: студенттерге арналған әдістемелік нұсқаулар.-Алматы,2007*
- 2. “Адам физиологиясы”, Сәтбаев Х.Қ, Өтенбергенов А.А, Нілдібаева Ж.Б*
- 3. <http://kk.wikipedia.org/>*
- 4. <http://bigox.kz/sojleu-zhalpy-ugym/>*
- 5. www.google.kz/*